

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2016 жылғы 6 маусымдағы № 30 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 шілдеде № 6530 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 545 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 17.07.2020 № 545 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында қоса беріліп отырған Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық
мәслихатының кезектен
тыс сессиясының төрағасы
Қостанай аудандық
мәслихатының хатшысы

B. Черненко

A. Досжанов

Қостанай ауданы әкімдігінің
"Ішкі саясат бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
A. Суинова

Мәслихаттың
2016 жылғы 6 маусымдағы
№ 30 шешіміне қосымша

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидалары

1. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы ауданның жергілікті аткаруышы органына (бұдан әрі - Қостанай ауданының әкімдігі) **өтініш** **беріледі.**

2. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестікердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері **береңде**.

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (окитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның Қостанай ауданының әкімдігінде тіркеңген **күнінен** **бастап** **есептеледі.**

4. Қостанай ауданының әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

5. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу туралы өтініш беру кезінде осы Қағидалардың 3-тармағының талаптары сақталмаған жағдайда Қостанай ауданының әкімдігі жіберілген бұзушылықтарды жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы ресми жауап қайтарады. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның тіркеңген күнінен **бастап** **есептеледі.**

6. Қостанай ауданының әкімдігі басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл жеке мөр мәдениеттің ысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты мен жерін ұсынады.

7. Жиналыстар мен митингілер өткізу орындары осы Қағидалардың 1-
қосымшасына **сәйкес** **белгіленсін.**

8. Шерулер мен демострациялар өткізу маршруттары осы Қағидалардың 2-
қосымшасына **сәйкес** **белгіленсін.**

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды

өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтау қажет.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

- 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
- 2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің ұздіксіз жұмыс істеуіне

кеде^р гі келтіруіне;

3) Қостанай ауданының әкімдігінің рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыштар тұрғызына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге сұық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азamatтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) алкогольдік немесе есірткілік масаң қүйде қатысуға жол берілмейді.

12. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу орындарында:

1) алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі заттарды, психотропты заттарды, соған үқсас заттарды, прекурсорларды пайдалануға;

2) мазмұны қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға бағытталған, сондай-ақ қорлайтын транспаранттарды, ұрандарды, басқа да материалдарды (визуалды, аудио/ видео), сондай-ақ көпшілік сөз сөйлеулерді қолдануға жол берілмейді .

13. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

14. Қоғамдық тәртіпті және пикет қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

1) түрлі дара пикеттердің қатысушыларына анық көрініп түрып орналасу қажет ;

2) Қостанай ауданының әкімдігі бір күні және бір уақытта, бір объектіде үштен аспайтын дара пикет өткізуге рұқсат бере алады;

3) пикет өткізу кезінде пикет өткізілетін объектінің алдында орналасуға, көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға, пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, құлақтандырулар айқайлауға рұқсат етіледі.

15. Пикет жалғастырудың өзге нысаны (митинг, жиналыс, шеру, демонстрация) айқындалған жағдайда белгіленген тәртіппен Қостанай ауданының әкімдігінен рұқсат алу қажет.

16. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар егер:

1) өтініш берілмеген болса;

2) оларды өткізу кезінде "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7, 8-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда Қостанай ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 25.12.2017 № 213 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Қостанай ауданының әкімдігі өкілінің занды талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

18. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды үйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

19. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысуышылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін занда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

20. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу кезінде, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және техникалық қамсыздандыру жөніндегі барлық қосымша шығындарды оларды үйымдастырушылар өтейді.

Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына 1-қосымша

Жиналыстар және митингілер өткізу орындары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 12.03.2020 № 500 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекенинің атаяуы	Жиналыстар мен митингілерді өткізу орындары
1	Тобыл қаласы	Заречная көшесі бойындағы алаң
2	Тобыл қаласы	Строительная және Механизаторов көшелерінің қылышындағы алаң

Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және

демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына 2-қосымша

Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 12.03.2020 № 500 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекеннің атауы	Шерулер мен демонстрацияларды өткізу маршруттары
1	Тобыл қаласы	Механизаторов көшесі - Заречная көшесі (Целинная көшесінің басынан бастап Механизаторов көшесі бойымен Заречная көшесіне өту)
2	Тобыл қаласы	Строительная көшесі - Механизаторов көшесі (Калабаева көшесі мен Водник шағын ауданының қыылышынан бастап Строительная және Механизаторов көшелерінің қыылышына дейін)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК